



**ЖӘНІБЕК АУДАНЫДЫҚ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
БАЛАЛАР - ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ЖОСПАРЫ**

1. Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының 2020-2021 оқу жылына арналған сараптама анализі

1. Орталық туралы ақпараттық анықтама

«Жәнібек аудандық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2017 жылғы 16 маусымдағы №107 Жәнібек ауданының әкімдігінің қаулысы негізінде құрылып, қосымша білім беру жұмысын жүргізеді. Оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 170 бұйрығына 1-қосымшасы «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде ұйымдастырылады. Орталық директоры бекіткен сабақ кестесіне сай сабақтар аптасына 6 күн, ұзақтығы 2 сағ., 2 ауысымда өтеді. I ауысымның сабақтары 10.00-12.30-ға дейін, II ауысымның сабақтары-15.00-17.30-ға дейін.

Орталықтың алға қойған мақсаты жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, оларды іске асыру. Экологиялық мәдениетін тәрбиелеу, оларды табиғатты қорғау қызметіне тарту. Өлкетану, спорттық бағдарлау, бард әндері, бердинг, туризм /вело, жаяу, шаңғы, су, тау және т.б./ саласында балалармен жасөспірімдердің оқу, мәдени ағартушылық, шығармашылық, ғылыми-зерттеу, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.

2. Орталықтың педагог кадрлары туралы ақпарат

2020-2021 оқу жылында орталықта штаттық кестеге сай 9 қосымша білім беру педагогы жұмыстануда. Олардың 6 жоғары, 3 орта кәсіптік білімді білімді. Санаттар бойынша 3 педагог I санатты, 1 педагог II санатты.

Ұсыныс: Алдағы оқу жылына қойған мақсатымыз педагогтардың санаты бойынша сапалық құрамын арттыру, үш педагогтың білімдерін жетілдіру, педагогтардың аудандық, облыстық көлемінде іс-тәжірибесін таратуды дұрыс жолға қою.

3. Қосымша білім беру

2020-2021 оқу жылындағы үйірме саны- 22, жоспар бойынша 3 бағытта жұмыстануды іске асыру.

1. Туризм
2. Өлкетану
3. Экология

2020-2021 оқу жылындағы тәрбиеленушілер саны- 330.

Қосымша білім беру орталықтарының қызметі республикалық конференциялар, облыстық байқаулар мен фестивальдарда бақтарын сынап, үлкен жетістіктерге жетуіне мүмкіндіктер туғызады.



Жұмыс жоспарына сай 2019 жылдың 3-8 қыркүйек күндері аралығында Ақжайық-Жаңабұлақ-Бударин- Янайкин- Үлкен шаған-Щапов -Орал бағыты бойынша АЛТЫ күндік І-дәрежелі жаяу жорыққа Жәнібек аудандық БЖТЖЭО ҚББ педагогтары шықты.



Жәнібек аудандық БЖТЖЭО-ның ҚББП және облыс құрама командасының мүшесі, ҚР туристтік спорттық көп сайыстан бірнеше дүркін чемпионы Нигметов Ерлан Ержанұлы СПОРТТЫҚ ТУРИЗМНЕН "ҚР СПОРТ ШЕБЕРІ" куәлігіне ие болды.



Жәнібек аудандық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының



ұйымдастыруымен 29-31 қазан күндері аралығында аймақтық тау туризмі жарысы өтті. Жарысқа Жаңақала, Казталовка аудандары және орталықтың үйірме оқушылары қатысты. Нәтижесінде Командалық қашықтығы бойынша 1 орын Казталов, 2 орын Жәнібек, 3 орын Жаңақала. Байлам қашықтығы (Ер балалар) 1 орын Куанов Ахмедияр, Ерсайнов Шыңғыс (Казталов), 2 орын Омаров Шыңғыс, Сарсенбай Ержан (Жәнібек), 3

орын Мирахмудов Мержан, Халиолла Нурхан (Жаңақала). Байлам қашықтығы (Аралас) 1 орын Орынғалиев Мейрамбек, Жалаханова Салтанат (Жаңақала), 2 орын Картес Азат, Кубашева Аружан (Казталов), 3 орын Бисенов Райымбек, Каримова Үміт (Жәнібек). Жеке қашықтық (Қыздар арасында) 1 орын Кубашева Аружан (Казталов), 2 орын Каримова Үміт (Жәнібек), 3 орын Жалаханова Салтанат (Жаңақала). Жеке қашықтық (ұлдар арасында) 1 орын Бисенов Райымбек (Жәнібек), 2 орын Куанов Ахмедияр (Казталов), 3 орын Сарсенбай Ержан (Жәнібек). ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ есеп бойынша 1 орын Казталов ауданы, 2 орын Жәнібек ауданы, 3 орын Жаңақала ауданы жеңіп алды. Жарыс соңында жеңіс тұғырынан көрінген командаларды кубоктар мен медальдармен, дипломдармен марапаттады..



Тұңғыш Президент күніне орай Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы үйірме оқушыларының арасында "Туристік көпсайыс" жарысын өткізді. Жарыс 3 кезеңнен құралды. 1.Жасанды жартасқа өрмелеу 2.Ромашка 3.Толағай. Жарысқа үйірме оқушыларынан құралған 5 команда қатысты. Жарыс соңында 1,2,3 орындар анықталып дипломдармен марапатталып, сыйлықтар табыс етілді.



Аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өткен жылды қорытындылау мақсатында 2020 жылдың 10 қаңтар күні «Спорт үздігі - 2019» марапатын табыстау рәсімі оздырылған болатын, осы марапаттау рәсімінде орталықтың қосымша білім беру педагогы Нигметов Ерлан Ержанұлы 2019 жылдың "Жыл спортшысы"

номинациясына ие болды.

«Құстарды қоректендірейік!» экологиялық науқаны



«Құстарды қоректендірейік!» экологиялық науқаны облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы ұйымдастыруда. Осы науқанды Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы қызу қолдап, "Экология және денсаулық", "Турист-эколог" үйірмелерінің оқушылары мен жетекшілері бірге өз қолдарымен әр түрлі үлгідегі жемшашар, ұялар жасап, мектеп маңындағы, көше бойындағы

ағаштарға орнатты.

Аудандық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен 2020 жылдың 19 ақпан күні балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде «Туған өлкемді зерттеймін» ғылыми-зерттеу конференциясы өтті.

Ғылыми-зерттеу конференциясына 7 мектеп командалары келіп, 26 оқушы қатынасты.

1 орын А.Оразбаева ат.ЖББНМ

2 орын Т.Жароков ат.ЖББОМ

3 орын Е.Ниетқалиев ат.ЖББОМ

2020 жылдың наурыз айының 15 бастап Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев

Қазақстанда төтенше жағдайды енгізу жөнінде қаулысын жариялады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа COVID -19 коронавирусын пандемия деп жариялануына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында эпидемиологиялық жағдайға байланысты барлық қосымша білім беру орталықтарында қосымша білім берумен оқыту дистанциялық форматқа ауыстырылды.

Еліміздің жеткен жетістіктері аясында жас ұрпақты Отанын сүйеге, ол үшін аянбай қызмет етуге тәрбиелеу - біздің басты міндетіміз. Елбасымыздың болашаққа бағдар рухани жаңғыру бағдарламасын қолдап, халқымыздың жарқын болашағының кепілі-еліміздің патриот ұл-қыздарын тәрбиелеп, отанымыздың бақыты үшін еңбек ете берейік.

Ұсыныс: Қосымша білім алушылар санын көбейту мақсатында аудан әкімдігінен, аудандық білім беру бөлімінен сағат санын көбейтуін сұрау. Облыстық байқауларға қатысушылардың санын арттыру, республикалық деңгейге көтеру.

Қосымша білім беру мен тәрбие жұмысы **Әдістемелік бөлім**

Орталықта туризм бөлімі жұмыс жасайды. Кеңес төрағасы туризм бөлімінің меңгерушісі Т.Сарсенбай. 2 әдіскер жұмыс жасайды. Туризм бойынша I санатты әдіскер А.Есекеев. Өлкетану бойынша әдіскер М.Байғазиева. Жыл бойы 5 рет кеңес отырысы өтті. Бұл отырыстарда әдіскерлер педагогтар мен оқушылармен тығыз байланыс жасай отырып, байқаулар, шеберлік - сыныптар ұйымдастырып отырды.

Орталық педагогтары жыл бойы облыстық семинарға қатысты: орталық педагогтары Т.Сарсенбай мен С.Тастенов облыстық тамыз маслихатының секциясының отырысына қатысты.

Педагогтардың жетістіктеріне тоқталатын болсақ: Нигметов Ерлан «Жыл үздігі-2019» «Жәнібек аудандық жастар сыйлығы» байқауының «Үздік жас спортшы» аталымының иегері атанды.

Әдістемелік жұмыс жылдық жоспарға сай ашық сабақтар, шебер сыныптар уақытылы өтіліп тұрды.

Жас мамандармен жұмыс

Жас мамандармен атқарылатын жұмыстың мақсаты - жас мамандарды ұжымдық ортаға бейімдеу, әдістемелік көмек көрсету және жеке шығармашылық қызметін қалыптастыру, өзара-сабаққа қатысу арқылы сабақ беру әдісін жетілдіру. Міндетіміз- жас мұғалімдердің өзін-өзі үзбей жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру, оқушыларды білім беру мен тәрбиелеуде жаңа түр мен әдістерді қолдануын қалыптастыру, нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыру, жаңа оқу жылында жас мамандардың бастапқы қажеттіліктерін анықтау және әдістемелік жұмыстың түрін таңдау.

Атқаратын жұмыс түрлері - теория бойынша сөз сөйлеу, тәжірибелі ұстаздармен, оқу ісінің орынбасарымен кездесу, ашық сабақтар (шеберлік-класс), психологиялық тренингтер, іскерлік ойындар, семинарлар, практикумдар, сауалнама жүргізу т.б.

Бүгінгі жас маман – ертеңгі ұлағатты ұстаздардың орнын басатын, олардан үлгі алатын, шәкірттердің сүйікті ұстазына айналатын тұлға болуына мектеп ұжымының да ықпалы зор. Сондықтан, жас мамандарды тәрбиелеп, жақсы ұстаз деңгейіне дейін көтеруге жұмыстанайық.

2020-шы оқу жылында ортамызға бір жас маман қосылды. Ол Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің түлегі «Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша Мұхтарова Жанайым Абзалқызы.

Жас мамандармен атқарылатын жұмыс жоспары құрылды. Орталық директорының бұйрығы негізінде А.Есекеев тәлімгер болып тағайындалды.

Ұсыныс: Бұқаралық ақпарат құралдармен бірлескен жұмысты жетілдіру, облыс көлемінде озат іс тәжірибе тарату жұмыстарын қолға алу.

Ата-анамен атқарылған жұмыс

Жыл басында ата-аналармен атқарылатын жұмыс жоспары құрылды. 15 қыркүйек күні ата-аналарға арналған ашық есік күні өткізілді. Ата-аналар өз балалары қатысатын үйірме жетекшілерімен танысып, педагогтар шебер сыныптарын көрсетті. Жоспарға сай жылына 2 ата-аналар жиналысы өткізілді. Сонымен қатар, ата-аналармен сауалнамалар жүргізіліп, қорытындылары таныстырылды. Жыл соңында белсенділік танытқан балалардың ата-аналарына Алғыс хаттар берілді.

Ата-аналармен атқарылған жұмыс директор жанындағы кеңес отырысында қаралды. Қосымша білім беру педагогтарына ата-аналармен жұмысты жандандыру керектігі ескертілді.

Жазғы демалысты ұйымдастыру

Аудандық «Жас саяхатшылар» жазғы демалыс лагері

Жазғы үлкен үзіліс ұзақ оқу жылынан кейін мектеп оқушыларының денсаулығын бекіту, денесін шынықтыруы, күш жинауы үшін. Бірақ бұл да олардың рухани баю, өз күштерін тексеру және байқап көру, қоршаған ортаны игері және түсіну уақыты. Балалардың белсенді демалысы әдеттегідей спорт-сауықтыру лагерлерінде, мектептен тыс орталықтар жанындағы лагерлерде өтеді.

Биылғы жарияланған төтенше жағдайға байланысты оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында жаз маусымында лагерлер ұйымдастырылмады.

Негізгі қорытынды, жаңа 2020-2021 оқу жылына ұсыныстар мен міндеттер:

Қорытынды:

1. 2019-2020 оқу жылындағы міндеттер негізінен орындалды.
2. Оқу жоспары орындалды. Барлық үйірмелер бағдарламаларына сай жұмыс істеді.
3. Орталықтың барлық қосымша білім беру педагогы әдістемелік қызметке тартылды.
4. Әдістемелік жұмыс тәрбиеленушілер мен педагогтардың біліктілігін және танымдылық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды.
5. Жас мамандардың шығармашылық белсенділіктері артты..

Ұсыныстар:

1. Оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруді жалғастыру.
2. Білім сапасын арттыру мақсатында оқу жұмысына педагогикалық және ақпараттық технологияларды енгізуді жалғастыру.
3. Қосымша білім беру педагогтарының озат тәжірибесін тарату, педагогтердің өзара сабақтарына қатысуын қолға алу
4. Үйірме жұмыстарына жаңаша әдіс-тәсілдерді енгізу.
5. Әдістемелік және тәрбиелік жұмыс жүйесін жетілдіру.

2020-2021 оқу жылға арналған мақсаттары мен негізгі бағыттары

Проблемалық тақырып:

«Қосымша оқу-тәрбие ісінде АКТ-ны қолдану арқылы балалардың жеке басының дамуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, шығармашылық еңбегіне, олардың қабілеттерін іске асыруына, сана-сезімінің, жалпы мәдениетінің, салауатты өмір салтының қалыптасуына, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруына жағдай жасау»

Мақсаттар:

- Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- Оқу-тәрбие жұмысында баланың өз қызығушылығы мен қабілетіне байланысты туристік-өлкетану, экологиялық және мәдени дамуын жетілдіру, шығармашылық деңгейінің өсуіне қолдау көрсету;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Қазіргі қоғам жағдайында жеке тұлғаны дамытуда баланың өмірлік ұстанымының белсенділігін арттыру.

Педагогикалық кеңес

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
I	1. БЖТЖЭ орталығының 2020-2021 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының жоспары. 2. Орталық педагогтарын аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы. Аттестаттау іс-шаралар жоспарын бекіту. 3. Қосымша білім беру педагогтарын жаңа оқу жылындағы жүктемелері туралы	03.09.20	Әкімшілік
II	1. «Туристік-өлкетану үйірмелерінің жұмысын жандандыру» баяндама 2. Жас мамандармен атқарылатын жұмыс туралы. 3. Ағымдағы мәселелер	қараша	А.Магазов М.Куаналиева Т.Сарсенбай
III	1. Әдіскерлердің есебін тыңдау 2. Аттестаттаудан өтетін педагогтардың шығармашылық есебін тыңдау 3. Ағымдағы мәселелер	қаңтар	А.Магазов А.Есекеев М.Байгазиева ҚББП
IV	1. Аудандық шаралар қорытындысы 2. Дарынды балалармен атқарылған жұмыс есебі 3. Ағымдағы мәселелер	наурыз	Т.Сарсенбай М.Байгазиева
V	1. Педагогтарды аттестаттау жұмыстары бойынша қорытынды. 2. Аудандық жазғы «Жас саяхатшылар» шатырлы лагерін балаларды қарсы алуға дайындау туралы 3. 2020-2021 оқу жылының қорытындысы.	мамыр	А.Магазов М.Куаналиева

Директор жанындағы кеңес отырысының жоспары

№	Тақырыбы	Жауапты
тамыз		
1	Жаңа оқу жылына дайындық (санитарлық-гигиеналық тәртіп, қауіпсіздік техникасы, кабинеттердің оқу жылына дайындығы т.б)	Әкімшілік
2	Орталық жұмысының циклограммасы туралы	Әкімшілік
3	Жаңа оқу жылында педагогикалық кадрлар біліктігін арттыруды ұйымдастыру туралы	Әкімшілік
4	Құжаттарды есеп тапсыруға дайындау, тарификация	Әкімшілік
қыркүйек		
5	Аудандық білім беру бөліміне қосымша білім беру туралы есеп тапсыру.	АББ және әкімшілік
6	Педагогтардың орталық бойынша кезекшілігін ұйымдастыру туралы	Директор орынбасары

7	Мұғалімдер күніне дайындық	Әкімшілік
8	Жас мамандардың кәсіби тұлғасын қалыптастыру	Әкімшілік
қазан		
9	Қайырымдылық айлығын өткізу туралы	Директор
10	Орталықтың материалды-техникалық базасын жетілдіру	Директор
11	Аудан және облыс көлеміндегі өткен іс-шараларға үйірме мүшелерінің қатысуына сараптама	Директор орынбасары
12	Ата-аналармен мен тәрбиеленушілер арасындағы тренинг сабақтарын өткізу туралы	Директор орынбасары
қараша		
13	Аудан бойынша күзгі демалыс күндері үйірмелер жұмысын барысы.	Әкімшілік
14	Баспасөзге жазылу жұмысына сараптама	Іс-жүргізуші
15	Орталық ғимаратының санитарлық-гигиеналық жәйі	
16	Қайырымдылық айлығының қорытындысы туралы	Әкімшілік
желтоқсан		
14	Мектептердегі үйірме жұмысын тексеру қорытындысы	Директор орынбасары
18	Жарық режимдері мен электр токтарын бақылау туралы	Директор
19	Қысқы каникул кезінде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру	Әкімшілік
20	Үйірме оқушыларына жаңа жылдық мереке ұйымдастыру	Әкімшілік
қаңтар		
21	I жартыжылдықтың қорытындысы	Директор
22	ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау және қолдану туралы	Әкімшілік
23	Аудан бойынша қысқы демалыс күндері үйірмелер жұмысын барысы.	Директор орынбасары
24	Қысқы демалыс кестесімен таныстыру	Әкімшілік
ақпан		
25	Дарынды балалар мен жұмысты ұйымдастыру.	Директор
26	Бұқаралық іс-шараларының қорытындысы туралы	Директор орынбасары
27	Ағымдағы мәселелер	Директор
наурыз		
28	Аудан бойынша көктемгі демалыс күндері үйірмелер жұмысын барысы.	Әдіскер
29	Өткізілген шеберлік сыныптар мен ашық	Әдіскер

	сабақтарға сараптама жүргізу туралы	
30	Іс-қағаздардың жүргізілуі туралы	Директор
сәуір		
31	Ата-аналармен жұмыс жоспарының орындалуын тексеру қорытындысы	Директор орынбасары
32	Педагогтарды аттестациялау жұмысына сараптама	Директор орынбасары
33	Балалардың жазғы демалысты ұйымдастыруға арналған жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.	Директор
мамыр		
34	«Жас саяхатшылар» шатырлы лагеріне жүргізілетін жұмыс жоспары туралы	Туризм бөлімінің меңгерушісі
35	Үйірме жұмыстарының қорытындысы	Директор орынбасары
36	Баспасөзге жазылу жұмысына сараптама	Әкімшілік
37	Аудан мектептерінің шараларға қатысу рейтингісі	Директор орынбасары

Әдістемелік кеңес отырысы

№	Тақырыбы	Мерзімі
I	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы және 2020-2021 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын талдау, бекіту 2. Күнтізбелік - тақырыптық жоспарлар мен сабақ кестесін бекіту, апаталықтар, ашық сабақтар мен шеберлік сыныптарының кестесін құру, бекіту. 3. Оқу кабинеттерінің дайындығын тексеру 4. Жас мамандардың тізімін анықтау, тәлімгерлер тағайындау 	қыркүйек
II	<ol style="list-style-type: none"> 1. Озық тәжірибелерді анықтау, талдау жұмыстары 2. ҚББ педагогтарының өзара сабаққа қатысуы және өз білімін жетілдіруі 3. Аттестациядан өтетін педагогтардың ашық сабақтарын талдау 4. Ағымдағы мәселелер. (Үйірме жетекшілерінің жұмыс барысы: күнтізбелік жоспарының орындалуы, сабақ жоспары, оқушылардың уақытылы сабаққа келуі, қауіпсіздік ережелерін сақтау т.б.) 	қараша
III	<ol style="list-style-type: none"> 1. I жартыжылдықтың қорытындысына талдау жүргізу. (Аттестаттанушы педагогтардың шығармашылық есебін тыңдау) 2. ҚББ педагогтарының өзара сабаққа қатысуы және өз білімін жетілдіруі. 3. Жоспарға сәйкес өткен, өтуі тиіс ашық сабақтар, семинарлар, апталықтар. 4. Ағымдағы мәселелер. (Үйірме жетекшілерінің жұмыс барысы: күнтізбелік жоспарының орындалуы, сабақ жоспары, оқушылардың уақытылы сабаққа келуі, қауіпсіздік ережелерін сақтау т.б.) 	қантар
IV	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Туристтік-өлкетану қызметі арқылы жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтан алдын-алу, патриотизмді қалыптастыру» баяндама 2. ҚББ педагогтарының өзара сабаққа қатысуы және өз білімін жетілдіруі 3. Аттесттанушы педагогтардың портфолиоларының дайындығы туралы. 4. Ағымдағы мәселелер. (Үйірме жетекшілерінің жұмыс барысы: күнтізбелік жоспарының орындалуы, сабақ жоспары, оқушылардың уақытылы сабаққа келуі, қауіпсіздік ережелерін сақтау т.б.) 	наурыз
V	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Экологиялық тәрбие – мәдениеттік тәрбиенің негізі» баяндама 2. II жартыжылдықтың қорытындысына талдау жүргізу. (Үйірме жетекшілерінің шығармашылық есебін тыңдау) 	мамыр

	<p>3. Аттестация нәтижесін талдау.</p> <p>4. Ағымдағы мәселелер. (Үйірме жетекшілерінің жұмыс барысы: күнтізбелік жоспарының орындалуы, сабақ жоспары, үздік оқушыларды марапаттау, жазғы демалысқа жіберу. т.б.)</p>	
VI	<p>1. «Белсенді туризм өлкетану арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама</p> <p>2. Әдістемелік кеңес отырысына талдау (әдіскерлер есебі)</p> <p>3. Ағымдағы мәселелер (жаңа оқу жылына дайындық т.б.)</p>	тамыз

Педагогтарды аттестациялаудың жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Өткізілетін уақыты	Жауапты
1	1.Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту 2. Аттестаттау жұмысының жоспарын талдау, бекіту	Мамыр-қыркүйек	БЖТЖЭО директоры А.Магазов
2	1.Аттестациядан өтетін қосымша білім беру педагогтарының тізімін анықтау. 2. Аттестаттаушы педагогтардың өтініштерін аудандық білім беру бөліміне жолдау	Мамыр	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Куаналиева
3	1. 2018-2019 оқу жылы бойынша аттестаттау ережелерімен педагогтарды таныстыру 2. 2018-2019 оқу жылында өтетін ҚББ педагогтарының құжаттарын дайындау	Қыркүйек	БЖТЖЭО директоры А.Магазов
4	Аттестаттаудан өтетін педагогтармен жұмыс /сабақтарына қатысу, тәрбие жоспарларын, үйірме жоспары бойынша жасалған жоспарларының құрылымын, мазмұндық сапасын қарау/	Қазан	Туризм әдіскері А.Есекеев
5	Біліктілік тестілеу	Қараша	Әкімшілік
6	Аттестаттаудан өтетін педагогтардың сабақтарына қатысу	Желтоқсан-қаңтар	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Куаналиева, туризм бөлімінің меңгерушісі Т.Сарсенбай
7	Педагогтардың өз білімін жетілдіру курстарынан өтуін жоспарлы қадағалау	Арнайы кесте бойынша	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Куаналиева
8	Педагогтардың іс-тәжірибелерін тарату, баспасөз беттерінде ақпараттандыру	Жыл бойы	Әдіскер А.Калиева
9	Аттестаттаудан өтетін педагогтарының апталығын, шараларын өткізу /Семинар, шеберлік-сыныптары, ашық сабақтар және т.б./	Арнайы кесте бойынша	Өлкетану әдіскері М.Байгазиева

10	Аттестаттаудан өтетін педагогтардың шығармашылық есебін тыңдау	Ақпан	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Куаналиева
11	Педагогтарды аттестаттаудан өткізу. Аудандық білім бөліміне қажетті құжаттар тапсыру / хаттама, жинақтама папкалары және т.б./	Наурыз	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Куаналиева
12	Аттестаттау нәтижесі бойынша қорытынды жұмыстарын жүргізу	Сәуір	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Куаналиева
	2019-2020 оқу жылында аттестаттау жұмысының жоспарын дайындау, аттестациядан өтетін педагогтардың өтініштерін қабылдау	Мамыр	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Куаналиева

Бұқаралық шаралар жоспары

№	Шара мазмұны	Өткізілетін орны	Өткізілетін мерзімі	Орындалу формасы	Жауапты	Қаржыландыру
I. Көпшілік-ұйымдастыру жұмысы						
1.	Аудандық «Мектеп музейі» сырттай марафоны	АБЖТжЭо	Қаңтар-ақпан	марафон	Өлкетану әдіскері Байғазиева М	
2.	Аудан оқушылары арасындағы қысқы Гимназияда 1 кезең – мектепшілік 2 кезең – аудандық 3 кезең – облыстық	АБЖТжЭо	20 қаңтар-20 ақпан	гимназияда	Туризм бөлімінің меңгерушісі Сарсенбай Т	
3.	Білім беру саласының қызметкерлері арасындағы аудандық «Еуропа-Азия - 2021» шаңғы туризмі техникасы бойынша жарыс 1 этап – аудандық 2 этап - облыстық	АБЖТжЭо	20-23 қаңтар	жарыс	Туризм бөлімі Сарсенбай Т. Есекеев А	
4.	«Туған жер кереметі» өлкетанулық олимпиада	АБЖТжЭо	қаңтар	олимпиада	Өлкетану әдіскері Байғазиева М	
5.	Оқушылар арасындағы аудандық «Ақшақар - 2021» шаңғы туризмі техникасы бойынша жарыс 1 кезең - мектепшілік 2 этап – аудандық 3 этап - облыстық	АБЖТжЭо	4-7 ақпан	жарыс	Туризм әдіскері Есекеев А	
6.	Аудандық «Жайық толқыны» өлкетану фестивалі 1 кезең – мектептік 2 кезең – аудандық 3 кезең – облыстық	АБЖТжЭо	17-19 наурыз	фестиваль	Өлкетану әдіскері Байғазиева М	
7.	«Струнная капель 2021» аймақтық бард әндерін жас орындаушылар фестивалі	Астана қ.	наурыз	фестиваль	Өлкетану әдіскері Байғазиева М Куаналиева М үйірме жетекшісі	
8.	Аудандық «07 аймақ» туризм бағытындағы қашықтан квест-марафоны	АБЖТжЭо	наурыз	байқау	Өлкетану әдіскері Байғазиева М	
9.	М.Жұмаев жұлдесі үшін тауға өрмелеу және тау туризмі техникасының ашық біріншілігі БҚО 1 кезең – аудандық 2 кезең - облыстық	АБЖТжЭо	14-17 сәуір	біріншілік	Туризм әдіскері Есекеев А	
10.	Аудандық жас өлкетанушылар слеті	АБЖТжЭо	21-23 сәуір	слет	Өлкетану әдіскері Байғазиева М	
11.	Облыстық «БҚО табиғат ескерткіштері» атты экологиялық экспедиция	Шыңғырлау ауданы	13-15 мамыр	экспедиция	Тастенов С Мұхтарова Ж ҚББП	

12.	«Шырқаған жастық шақ» бард әндерін орындаушылардың аудандық фестивалі 1 кезең- аудандық 2 кезең - облыстық	АБЖТжЭо	18-20 мамыр	фестиваль	Өлкетану әдіскері Байғазиева М Куаналиева М
13.	Туризм орталығының қызметкерлері арасында облыстық жарыс	Орал қ.	27-31 мамыр	жарыс	Туризм бөлімінің меңгерушісі Сарсенбай Т
14.	«Менің Отаным – Қазақстан» туристік –өлкетанулық экспедиция жасақтары слетінің шеңберінде аудандық көктемгі «Қарлығаш» туриадасы 1 кезең – мектепшілік (көпшілік жорықтар) 2 кезең – аудандық (категориялық жорықтар) 3 кезең – 60-шы облыстық жарыс	АБЖТжЭо	16-20 маусым	жарыс	Туризм әдіскері Есекеев А
15.	Аудандық велотуризм техникасынан «Күміс шабақ 2021» жарысы 1 кезең – мектепшілік 2 кезең – аудандық 3 кезең-облыстық	АБЖТжЭо	23-26 маусым	жарыс	Туризм бөлімі Сарсенбай Т. Есекеев А
16.	Аудандық «Жайық алаңы» зерттеу марафоны	АБЖТжЭо	22-24 маусым	марафон	Өлкетану әдіскері Байғазиева М
17.	Аудандық оқушылар арасында «Жайық-Урал - 2021» туристік-экологиялық экспедициясы 1 кезең – мектепшілік «Орал өңірінің жасыл желкені» акция 2 кезең – аудандық «Орал өңірінің кіші өзендері» экспедиция 3 кезең – облыстық «Жайық – Урал 2021» экспедиция	АБЖТжЭо Орал өзені	маусым - шілде	Акция экспедиция	Тастенов С Мұхтарова Ж ҚББП
18.	Спорттық бағдарлаудан «Бағдар 2021» шатырлы лагері	Бәйтерек ауданы, Янайкино ауылы	6-11 шілде	лагерь	Магазов А.
19.	Білім қызметкерлері арасындағы «Европа-Азия-2021» туристік фестивалі 1-кезең – аудандық 2-кезең – облыстық	АБЖТжЭо Орал қ. «Евразия» ТСК	23-26 қыркүйек	фестиваль	Туризм бөлімі Сарсенбай Т, Есекеев А
20.	Аудандық ашық «Батыс Азимут-2021» спорттық бағдарлау жарысы 1 кезең – аудандық 2 кезең -облыстық	АБЖТжЭо «Евразия» ТСК	14-16 қазан	жарыс	Туризм бөлімі Сарсенбай Т, Есекеев А
21.	Аудандық «Музей тарих –музей тағылым» челленджі	АБЖТжЭО	қараша	челлендж	Өлкетану әдіскері Байғазиева М
22.	Тау туризмі техникасынан академик Т.Қ. Жездібаевты еске алуға арналған аудандық жарыс 1 кезең –аудандық	АБЖТжЭо Бәйтерек ауданы	1-4 қараша	жарыс	Туризм бөлімі Сарсенбай Т, Есекеев А

	2 кезең – облыстық				
23.	«Өлке KZ» туризм олимпиадасы	АБЖТжЭо Орал қаласы	қараша	олимпиада	Туризм бөлімі Сарсенбай Т Өлкетану әдіскері Байғазиева М
24.	Оқушылар арасындағы аудандық «Балалар даму академиясы» конференциясы 1 кезең-аудандық 2 кезең-облыстық	АБЖТжЭо Орал қаласы	қыркүйек, қазан, 8-10 желтоқсан	конференция	Туризм бөлімі Сарсенбай Т Өлкетану әдіскері Байғазиева М

Оқу-тәрбие жұмысына басшылық және бақылау

№	Жұмыс түрі, не тексеріледі	Мерзімі	Жауапты	Қорытынды қайда қаралады?
1	Облыс көлеміндегі өтетін іс-шараларға үйірме мүшелерінің қатысуына сараптама	Әр айдың соңында	Директор орынбасары	Директор жанындағы кеңес
2	Үйірме жетекшілерінің жұмыс барысын тексеру (күнтізбелік жоспарын, сабақтардың уақытылы өтуі, оқушылардың қатысуы, күнделікті сабақ жоспарын)	Жарты жылда бір рет және күнделікті	Әдіскер	Әдістемелік кеңес
3	Дарынды балармен жұмыс барысы	Ай сайын	Директордың орынбасары	Педагогикалық кеңес
4	Орталық қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларын тексеру	Жылына екі рет	Іс жүргізуші	Директор жанындағы кеңес
5	Сараптау комиссиясы жұмысына жоспарға сәйкес жүргізілуін қадағалау	Арнайы кесте бойынша	Директор	Комиссия отырысында
6	Бухгалтердің жұмысы және қаржылық кіріс-шығыс құжаттарын тексеру	Әр айдың соңында	Директор	Әкімшілік кеңесте
7	Баспасөзге жазылу жұмысына сараптама	Қараша-мамыр	Директор	Директор жанындағы кеңес

Ұйымдастыру жұмыстары

№	Шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Аудандық білім бөлімімен жылдық бюджет қарастыру (өзгерістер енгізу)	Тамыз-қыркүйек	Директор
2	Мамандар қабылдау, штат кестесін жасау	Қыркүйек-қазан	Арнайы комиссия
3	Тарификация, жылдық есеп беру құжаттарын даярлау	Қыркүйек-қаңтар	Директор, директор орынбасары
4	Орталықтың жоспары мен оқу-тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Директор

Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының жұмыс тәртібінің циклограммасы

1	Кеңес отырыстары	3 айда 1 рет	А.Магазов
2	Ұжым отырыстары (планерки)	Дүйсенбі	А.Магазов
3	Туризм бөлімінің отырыстары	3 айда 1 рет	Т.Сарсенбай
4	Директордың жанындағы отырыстар	Әр айдың бірінші дүйсенбісі	А.Магазов
5	Ата-аналармен жұмыс	Апта сайын (жұма)	Үйірме жетекшілер
6	Әдістемелік күн	Апта сайын (сенбі)	А.Есекеев

Ата-анамен атқарылатын жұмыс

	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Жауапты
1	«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне сай ата-аналардың өтініштерін қабылдау	1-15 қыркүйек	«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне сай құжаттарды жинақтау	Орталық әкімшілігі
2	Ата-аналарға арналған	15.09.20	Ата-аналармен	Орталықтың

	«Ашық есік» күні 1. Орталықтың жұмыс барысымен танысу 2. Үйірмелерді презентациялау		қарым-қатынасты нығауту Ата-аналарды үйірме жұмыстарымен таныстыру	қосымша білім беру педагогтары
3	Ата-аналар жиналысы: 1.«Дені сау бала-болашақ жемісі баяндама 2. «Дене тәрбиесі мен отбасы тәрбие»сауалнама	Қазан	Тест жүргізу арқылы ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктерін бағалау	Орталықтың қосымша білім беру педагогтары
4	Жекеленген ата-аналармен жұмыс	Жыл бойы	Жеке ата-аналармен кездесіп, сұхбаттасу арқылы орталықтағы үйірмелер жұмыстарын қадағалау	Орталық әкімшілігі
5	Ата-аналар жиналысы: 1.«Ата-ана-бала тәрбиесінің айнасы» баяндама 2. «Менің балам қандай?» тренинг	Қаңтар	Балаларды жат әдеттерден қалай қорғауға болатының ата-аналарға түсіндіру.	Орталық әкімшілігі
6	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	Сәуір	Ата-аналарды орталықтың жаз кезіндегі жұмысымен таныстыру	Орталықтың қосымша білім беру педагогтары
7	«Ата-анаға мың алғыс!» алғыс хаттар даярлау	Мамыр	Орталық өміріне белсене қатысқан ата-аналарға ризашылық білдіру	Орталық әкімшілігі

II. РУХАНИЯТ

8	«Мейірімді жүрек» акциясы. (Ардагерлерге қолқабыс таныту)	Қазан	БЖТжЭо	ҚББП
9.	Орталықтың тәрбиеленушілерімен «Кім тапқыр» ойындары	Қараша	БЖТжЭо	ҚББП
10	«Көңілді старт» үйірмелер арасында спорттық жарыстар	Желтоқсан	БЖТжЭо	Т.Сарсенбай А.Есекеев
11	«Бабалар ұлағаты-Ұрпақ аманаты» декасы (Белгілі	Қаңтар	Ардагерлер үйі	М.Куаналиева М.Байгазиева

	тұлғалармен кездесу)			
--	----------------------	--	--	--

III. ОТАН

12.	«Еліңді тану, өлкенді танудан басталады» өлкетану экспедициясы	Қазан	Ғ.Қараш кесенесі онлайн форматында өткізу	М.Куаналиева
13.	«Мәңгілік Ел-Мәңгілік тіл» үйірмелер арасында мәдени шара	Ақпан	БЖТжЭо	М.Байгазиева Ж.Мұқтарова
14.	«Біздің өлке қаһармандары» Ауған соғысы ардагерлеріне арналған көпшілік іс-шара	Ақпан	Ардагерлер үйі	ҚББП
15	«Ұлыстың Ұлы күні Өз-Наурыз» Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шарасы	Наурыз	БЖТжЭо	М.Куаналиева М.Байгазиева
16	«Туризм сұлтаны» ұлдар арасында жарыс	Мамыр	БЖТжЭо	ҚББП
17	«Ел үшін туған Ерлерім» Жеңіс күніне арналған шара	Мамыр	БЖТжЭо	Т.Сарсенбай

IV. САЛАУАТ

18.	«Әлем сенің қолыңда» қайырымдылық акция /мүмкіндігі шектеулі жандармен тренинг ойындары)	Маусым	БЖТжЭо	ҚББП
-----	--	--------	--------	------

V. ЕҢБЕК

19.	«Сәлем құстар» акциясы	Наурыз	БЖТжЭо	Ж.Мұқтарова С.Тастенов
23	«Бәрі де ана, бір өзіңнен басталады» кеш	Наурыз	БЖТжЭо	М.Куаналиева
24	«Таза планета» сенбілік жұмыстары	Сәуір	БЖТжЭо	ҚББП

VI. ЖЕТІ ЖАРҒЫ

27	«Рәміздерім мақтанышым», «Жас турист» сатысына түсіндірме жұмыстары «Құқық марафоны» акциясы	Мамыр	БЖТжЭо	ҚББП
----	--	-------	--------	------

VII. ЭКОӘЛЕМ

28.	«Алтын күз» экологиялық іс-шарасы	Қыркүйек	БЖТжЭо	Ж.Мұқтарова С.Тастенов
29	«Көшеттер » ағаш	Сәуір	БЖТжЭо	ҚББП

отырғызу жұмыстарын жүргізу			
-----------------------------	--	--	--

Ақпараттық-насихаттау жұмысы

30.	Балалармен жасөспірімдер қызметін насихаттау жөнінде облыстық және өңірлік БАҚ беттеріне ақпарат тапсыру	Мақала	Тәлімгерлер, атқарушы хатшылар	Жыл бойы
31.	Республикалық Соқпақ-Тропинка журналына мақала жариялау	Шара бойынша есеп	АБББ, Тәлімгерлер	Ай сайын
32.	Жоспарға сай ұйым жұмыстарын кеңінен насихаттау	Желілерге материалдар орналастыру, Мақала шара бойынша есеп	Тәлімгерлер, аудандық хатшы	Жыл бойы

Мазмұны

1. Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының 2019-2020 оқу жылына арналған сараптама анализі

2. Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының мақсатары мен негізгі бағыттары

3. Педагогикалық кеңестер.....

4. Директор жанындағы кеңес отырыстары.....

5. Әдістемелік бақылау жұмысының жоспары.....

6. Әдістемелік кеңес отырыстары.....

7. Бұқаралық және әдістемелік іс-шаралар.....

8. Оқу-тәрбие жұмысына басшылық және бақылау.....

9. Ұйымдастыру жұмыстары.....

10. Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының жұмыс тәртібінің циклограммасы..

11. Ата-анамен жұмыс
.....